

Оңтүстік Қазақстан облысында Қызыләскер-Киров автомобиль жолын салудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 16 маусым N 780

Көлік құралдарының Мақтарал ауданынан облыс орталығына және республиканың басқа да аймақтарына жол жүруіне қолайлы жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі 2000 жылдан бастап жобаны қаржыландыру үшін сыртқы заемдарды тарту мүмкіндігін п ы с ы қ т а с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі 1999 жылғы шілдеде жабық конкурс өткізу арқылы, 1991 жылғы бағамен сметалық құны 31 млн. теңге болатын ұзындығы 37 км. Қызыләскер-Киров автомобиль жолының құрылысын бастауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне " Республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарының құрылысын салу және қайта жаңарту" бағдарламасы бойынша 1999 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен Қызыләскер-Киров автомобиль жолын салуды қаржыландыру үшін 1999 жылы 288 млн. теңге сомасында қаражат бөлуді қамтамасыз е т с і н ;

2000 жылға арналған бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде құрылыс кестесіне сәйкес Қызыләскер-Киров автомобиль жолын қаржыландыру үшін қаржы көздесін.

4. "Астана қаласын 1999 жылы дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 ақпандағы N 161 Р990161_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацындағы "2000,5" деген сан "1646,5" деген санмен ауыстырылсын;
аталған қаулыға 1 - қосымшада:

"Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі" деген жолдағы " Қаржыландыру көлемі" деген бағандағы "819" деген сан "465" деген санмен ауыстырылсын ;

"Айналып өтетін айналма жолдың учаскесі (Қарағанды-Павлодар)" деген жолдағы " Іске қосу мерзімі (жыл, тоқсан)" деген бағандағы "маусым 1999 ж." деген сөздер " қыркүйек 2000 ж." деген сөздермен, "Қаржыландыру көлемі" деген бағандағы "819" деген сан "465" деген санмен ауыстырылсын;

"Жиыны" деген жолдағы "Қаржыландыру көлемі" деген бағандағы "2000,5" деген сан "1646,5" деген санмен ауыстырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.